

ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ – ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ

(Байсейіт Тілебаевтың рухына тағзым)

УАҚЫТ КЕРУЕНІ АЛҒА ЖЫЛЖЫҒАН САЙЫН БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАЛ ДӘУРЕНІ САҒЫНЫШҚА АЙНАЛЫП, КӨКЕЙДЕ АСЫЛ БЕЙНЕЛЕР ҒАНА САҚТАЛЫП ҚАЛАДЫ ЕКЕН. МЕН ҮШІН СОНДАЙ ҚАСИЕТТІ БЕЙНЕЛЕР- ДІҢ БІРЕГЕЙІ – АЯУЛЫ ҰСТАЗЫМ, ПАРАСАТТЫ БАСШЫ, БІЛІКТІ ПЕДА- ГОГ БАЙСЕЙІТ ТІЛЕБАЕВ.

Байсейіт мұғалім бізге 5,6-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берді. Ол кісінің тұлғасы мен сөйле- ген сөзінен нағыз зиялылықтың лебі есетін. Біз, ауыл балалары, сабақтан соң үй бұрышында «ләнгі» теуіп қыз- қалқа батқанда, алыстан келе жатқан Байсейіт ағайдың сұлбасын көрсек, сыйластықтан тым-тырақай тығы- латын едік. Кейде ойынға алданып, байқамай қалғанымызда: «Әй, сабақ- тарыңды неге оқымайсыңдар?» де- ген қоңыр дауысынан селк ете қала- тынбыз. Ол кісі ешқашан бізге зекіп, негізсіз ұрысқан емес. Оның дауы- сындағы салмақ пен мейірім бізді тәртіпке де, білімге де үнсіз баули- тын. Мейірімі мен мысы басатын, ай- бынды ағамыздың алдында ойын ой- нау кезінде де тәртіпсіздік көрсетіп қоюдан ығатын едік. Бұл сол кездегі балалардың мөлдірлігі мен тазы- лығы, ал ұстаздардың беделі өте биік кезеңдер еді.

Ұстазды тек ұстаз емес, кейде «Маңғыстау шөліндегі бағбан» деп айтқымыз келіп тұрады. Себебі Маң- ғыстаудың қатал табиғатында, су тап- шы заманда Байсейіт ағайдың үйі- нің алды жайнаған бақша болатын. Жүзім мен жеміс-жидектің, қызанақ- тың жайқалып өсуі – ол кісінің еңбек- қорлығы мен табиғатқа деген шексіз махаббатының белгісі еді. Біз сол жа- сыл желекке қызға қарай жүріп, на- ғыз ұстаздың қандай болу керектігін көзбен көрдік. Қолына қу таяқ алып, жерге қадаса алып ағашқа айналатын қасиет кез келген адамда бола бер- мейді. Бұл да ұстаздың өзіндік ерек- шелігі болатын.

Мен Байсейіт ағайдың алдында ұзақ оқымасам да, кішкентай ауыл- дағы мектепте басталған сыйластық сыйы ешқашан үзілген емес. Бала кезімде де ол кісінің мейірімін сезін- дім. Кейін ұстаз бен оқушы қатынас деңгейі туыстық қарым-қатынасқа ауысты. Студент кезімде аяулы ұста-

зымыздың 60 жасқа толған мерей- тойы ауыл клубында салтанатты түрде өткен еді. Сол кездегі аудандық білім бөлімінің басшысы Аязхан Ер- манов бастаған үлкен делегация қа- тысқан жиында мен ұстазыма деген ризашылығымды білдіріп, он шақты шумақ арнауы домбырамен, айтыс мақамында орындап берген едім. Сол толғаудың сөздері бүгінде көмес- кіленсе де, ұстазымның сол сәттегі риза кейпі мен жылы жүзі жадымда мәңгілікке мөрленіп қалды.

Байсейіт ағайдың қызы Гүлназ біздің үлкен шаңыраққа келін болып түсті. Бұл екі әулет арасындағы сый- ластықтың жаңа деңгейге көтерілуі еді. Оқушы кезімнен басталған сол бір мөлдір құрмет, студенттік шақтағы арнау, бүгінгі Парламент қабырғасындағы мемлекеттік қыз- мет – барлығының негізінде Байсейіт Тілебаевтай асыл адамның берген тәрбиесі жатыр деп түсінемін. Тек Байсейіт ұстаздың емес, алақандай ауылда мен алдын көрген, маған үлкен жалын берген кіп-кішкентай мектептің ұстаздары еді. Өйткені адамның тұлға болып қалыптасуына дана, парасатты адамдардан алған байланыс, білім тәрбие қатты ықпал етеді.

Ұстаз – ұлттың ұлы тұлғаларын тәрбиелейтін басты тұлға. Байсейіт ағай менің жүрегімде мейірімділік пен зиялылықтың ең биік эталоны болып қала бермек.

Нұржау КӨШЕРБАЙ

ЕСКЕ АЛУ

Руы Монша Шоңай Мудебаев Сәбит Хайырұлы бұдан жиырма бес жыл бұрын дүниеден өтті. Тірі болғанда 13 желтоқсанда 2026 жылы 63-ке толып, арамызда шалқып, ортамызды толтырып отырар еді. Бүгінгі күні Сәбитжанды сағынышпен еске алып, төмендегі жыр жолдарын арнаймын.

Ақ Сәбитім, тірі жүрсен 63 жасқа келер едің, Ата болып, мәз болар ең қылығына немереңнің. Анаға ауыр бауыр еті баласынан айырылу, Қан жылап жүрек, өртенгені өзегімнің.	Мамандығы болатын өзі сүйген жан баламның. Еңбекте жүріп өмірінің сағаты мәңгі тоқтап, Жаным бөлек не істейін жоғын амалымның.
Жарығым, сағынышымды жүрмін баса алмай, Жүрген кезім болмады, көзіме бір сәт жас алмай. Халықтың алғысына бөленіп ең, ботам-ай, Ішінде кетті арманың 39 жастан аса алмай.	Сәбитжан сені жоқтап жүргенімде, Іштей жылап, амалсыз сырттай күлгенімде. 8 жасар інің Салауатым өтті өмірден, Тек тірі боп жүрмін өмір дүрмегінде. Қандай уым бар еді мен ішпеген, Іс болды-ау бірінен-соң бірі келіспеген. 21 жаста жиенің Азаматым қыршын кетті,
Балапаным, арман қуып Алматыға аттанып ең, Бағдарымның ішіндегі ерекше мақтаныш ең. Спортты да жаныңа серік еттің балуаным, Диплом алып келіп алдымда шаттанып ең.	Өмірдің лайсаң соқпағын көшіп келем. Он төрт жыл өтті әкең 85 жыл өмір кешкен, Сабыр еттім өлім ғой деп төрелескен. Тумалас пен балдарыңа топырақ жасын берсін Кешірсін Алла, береді көп қой шүкір етсем.
Жұмыс орның теледидар Маңғыстау	

Табамын қалай жан емін?! Қайтейін жанды қинадың. Орының бөлек бала едің, Маңдайға бірақ симадың.

Болдым ғой міне, мен ғаріп, Көзімнен жасым төгілген... Жұлдызым едің жап-жарық, Кеттің-ау ағып көгімнен.

Қыраным кетіп қолымнан, Жүргенде сені сағына... Аз болғандай-ақ соңыңнан Салауат кетті тағы да.

Алланың ісі адамның, Көтермес, сірә, талқысын. Қос құлыншақ баламның Пейіште нұры шалқысын!

Еске алушы: анаң Мәдина

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ 2027-2029 жылдарға арналған эмиссиялар нормативтерінің жоба- ларын әзірлеу бойынша ашық жиналыс нысанында қоғам- дық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр: «Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы», «Өндірістік эко- логиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шара- лар жоспары», кенорындарды жайластыруға арналған жұмыс жобаларының қоршаған ортаны қорғау бөлімдері.

Ықпал ету аумағы: Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, географиялық координаттары: 43.505430, 52.085169.

Қоғамдық тыңдаулар мына мекенжай бойынша өте- ді: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ орта- лық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, мәжіліс залында.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні: 2026 жылғы 14 қа- занда сағат 11:00-де өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға онлайн режимде мына сіл- темге бойынша қосылуға болады: <https://teams.microsoft.com/meet/44658105261-320?p=RA7zkaIXXalQDPbFEm>

Конференция идентификаторы: 446 581 052 613 20

Кіру коды: X8с7hВ7х

Жоспарланып отырған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Маңғыстаумұ- найгаз» АҚ, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6 ш/а, 1-ғимарат, БСН: 990140000483, тел: 8-(7292)215-515, 8-(7292)215-337, e-mail: info@mmg.kz.

Жобаны әзірлеуші:

«ДИК Ойл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Санжыбай батыр даңғылы, 74 «В» үй, БСН: 050240011714, тел: 7 (705) 605-60-88, e-mail: Dik-oil@mail.ru;

«Экологический центр инновации и реинжиниринга» жа- уапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жамбыл облысы, Тараз Қ.Ә., Тараз қ., Колбасшы Койгельди көшесі, 55 үй, БСН: 130-740012440, тел: +7 (777) 153-3393, e-mail: nauka_100@mail.ru;

Жобалық құжаттама топтамасымен <https://ndbecology.gov.kz>, бірыңғай экологиялық порталда, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru> жергілікті атқару- шы органның ресми интернет ресурсында танысуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта ме- кенжайы және телефон нөмірі: u.kambarova@mmg.kz, 8 (7292) 215-575, ҚжәнеЕҚ, ҚОҚ департаменті, ҚО және ПГҚ инженері Ұлдана Қамбарова.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz>, сондай- ақ «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ әл.м/х Tabigat@mangystau.gov.kz, интернет ресурс-<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>; қоғамдық тыңдаулар өткізі- летін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, Маң- ғыстау облысы, облыстық әкімдігі, 14 ш/а, 1-ғимарат, «Эко- логиялық саясат және реттеу» бөлімінің – басшысы Сабина Базарбай: тел- 8(7292) 46-21-31 (1210).

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті, «Маңғыс- тау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ-ның элек- тр энергиямен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметі бойынша алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсеті- летін қызметтер) бағаларының шекті баған жоғары кө- терілуі туралы хабарландыруы бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2026 жылғы 15 қыркүйек күні сағат 15:00-де Ақтау қаласы, 29 «А» шағынаудан, «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ-ның ғимараты, 1-қабат, акт залда өтеді.

Сонымен бірге көптеген мүдделі тұлғалардың қатысуын қам- тамасыз ету мақсатында жария тыңдау параллельді түрде он- лайн режимде департамент басшысының Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (іздеуге Дкрем Мангистау енгі- зу қажет) көрсетілетін болады (<https://www.facebook.com/profile.php?id=61553748286254>).

Департамент мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарап- шыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Департаменттің байланыс телефондары:
8(7292) 42-16-20, 43-84-11.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 4-бабының 8) тармақша- сына сәйкес индекстеу әдісі арқылы теміржол кәсіпорындары, халық, бюджеттік ұйымдар және бөгде тұтынушылар үшін 2026 жылғы 15 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін тарифтердің өзгерістерін хабарлайды.

Сумен жабдықтау қызметтері бойынша жаңа тарифтер 1м³:

- Шетпе стансасы суды өндіру – 394,2 теңге;
- Теміржол мекемелеріне – 2 976,4 теңге;
- Бөгде ұйымдарға – 1 099,7 теңге;
- Бюджеттік ұйымдар – 782,6 теңге;
- Боранқұл ст. – 128,4 теңге;
- Үстірт ст. – 100 теңге;
- Есет ст. – 108,2 теңге;
- Бейнеу ст. – 110,9 теңге;
- Сай-Өтес ст. – 116,1 теңге;
- Шетпе ст. – 195,6 теңге;

Су бұру қызметтері бойынша жаңа тарифтер 1м³:

- Тұрғындар үшін – 64,8 теңге;
- Бөгде және бюджеттік мекемелер үшін – 524,6 теңге;
- Теміржол мекемелеріне – 2 121,9 теңге;

Жылу энергиясын беру бойынша:

- Теміржол мекемелеріне есептегіш құралымен – 23 386,19 теңге;
- Теміржол мекемелеріне есептегіш құралысыз – 38 826,4теңге;
- Бөгде және бюджеттік мекемелер үшін есептегіш құралымен – 14 522,07 теңге;
- Бөгде және бюджеттік мекемелер үшін есептегіш құралынсыз – 24 787,92 теңге;

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2026» АТАҒЫН БЕРУ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жыл- ғы 16 қаңтардағы №12 «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына және Маңғыстау облысы білім басқармасының 2026 жылғы 26 тамыздағы №149-нқ бұйрығына сәйкес «Үздік педагог – 2026» облыстық кезеңі өтетіндігін хабарлайды.

Облыстық кезең – 14–21 қыркүйек;
Республикалық кезең – 22 қыркүйек – 15 қазан.

Құжаттарды жүктеу <https://uzdikustaz-nobd.edu.kz/#/sign-in> сайты арқы- лы жүргізіледі.

Маңғыстау облысының білім басқармасы

25.12.2025ж. **Б. КОШМАГАНБЕТОВТЫҢ** атына бе- рілген №2070 сату-сатып алу шарты жоғалуына байла- нысты жарамсыз деп танылсын.

«Батыс-Платина ломбард» ЖШС кепілге қойылып қайтарылмаған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды.

Сауда-саттық өткізу әдісі: 2026 жылдың 30 қыркүйек күні, сағат 10.00-де, 26-22-103 кеңседе ағылшын әдісі бойынша өтеді.

«Ақтау электр желілері басқармасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны электр энергиясын тарату қызметінің тарифі **2026 жылдың 1 қазаннан бастап кВт/сағатына 5,54 теңгені** құрайтынын хабарлайды.

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН ТЕЛЕФОН: 20-48-42